





САЈ – СЕРИЈЕР





Сал-сері —
дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше
өнерпаздықпен байланысты ұғым





Сал сөзінің этимологиясы серіктес жігіттерімен ауылға таяғанда әдейі аттан құлап, ауыл қыздары үйге көтеріп алып кіргенше сал болған адамша тырп етпей жата беретін іс-әрекеттен туындаған.

Сал айрықша киімдерімен ерекшеленген.

Серілердің табиғаты салдан мүлдем бөлек. Олар сондай жібек мінезді, сымбатты әрі бойында бірнеше өнерді қатар меңгерген сегіз қырлы, бір сырлы болса керек.



Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдің маңы — 1913 жылы, сонда) — ақын, әнші, композитор. Әкесінің есімі Қорамса, шешесі — Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16 — 17 жасынан өнер жолына түскен. Оны халық “40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз” деп бағалайды. Ақан серінің бірінші әйелі Жұман қызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Ыбан (Ыбырайым). Оған Ақан сері жазу-сызу үйреткен. Бәтима өлген соң, аз күн отасқан әйелі Тінәлі қызы Ұрқияға Ақан серінің “Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия” деген өлеңің арнаған. Ақан серінің тірідей айрылған сүйген қызы — Ақтоқты. Бұл — арты аңызға айналған оқиға. Ақтоқты есімі Ақан серінің шығармаларынан кең орын алды. “Ақ көйлек”, “Аужар”, “Алтыбасар”, “Ғашық жарға” — Ақтоқтыға арналған махаббат толғаулары




Біржан сал Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Бойында әншілік дарыны бар, домбырада шебер ойнайтын Біржан жастайынан қазақ даласына танымал болған. Ол бірегей сазды-поэтикалық шығармаларды дүниеге келтірген. Ел аралап, алуан түрлі айтыстардың ортасында жүрген. Айналасына дарынды жастарды жиып, өзіндік көшпелі театр құрған.

Рулық-патриархалдық әдет-ғұрыпқа қарсы шығып, жырына әйел теңсіздігін, әлеумет күйін арқау еткен өнерпаздың өмірі қиындықтар мен мұқтаждыққа толы болды. Қуғынға ұшырап, ру арарлық қақтығыстардың куәгері болып, ауруға шалдыққан ол 1897 жылы қайтыс болды.

Біржан шығармаларында махаббат тақырыбы негізгі орын алады. Осы тақырыпта оның "Айтбай", "Ғашығым", "Ғашық жар", "Ләйлім-шырақ" т. б. шынайы сыршылдықтан туындаған өлеңдерін атап айтуға болады.



Шашубай Қошқарбайұлы (1865, қазіргі Қарағанды облылысы Ақтоғай ауданы Қоңырат ауылы — 4.5.1952, сонда) — халық ақыны, әнші, композитор, Қазақ КСР-інің еңб. сің. өнер қайраткері (1941). Жасынан домбыра, сырнай, гармонь тартып, ән салуға, өлең шығарып айтуға, серілік құруға әуестенген. 1909 жылы Жетісуға келіп, Жамбылмен айтысқан. 1943 жылы Қарағандыда өткен облыс ақындары айтысын бастаушылардың бірі болып, Көшен Елеуовпен айтысты, 1944 жылы Болман Қожабаевпен сөз сайысына түскен




Жаяу Мұса БАЙЖАНҰЛЫ музыка өнерінде өшпес мұра қалдырған атақты сазгер, әнші. Ол 1835-1905 жылдар аралығында өмір сүрді.











Қазақстан тарихы көне заманнан
бүгінге дейін Алматы «Дәуір»

22. Қазақстан тарихы М.Б.
Мұхамедов Алматы «Қарасай 2009
жыл»
150-151-бет